

БАЛАНЫҢ ҚАБІЛЕТІН ЕРТЕ ЖАСТАН АНЫҚТАУ – ТАБЫС КІЛТІ

*Игенбаева Бижан Құрманғалиқызы,
ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі балалық шақ»
республикалық орталығының директоры,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент*



– Бижан Құрманғалиқызы, жан-жақты дамыған, білікті, қазіргі тілмен айтар болсақ, «бәсекеге қабілетті» азаматты ерте жастан қалыптастыру мүмкін бе?

– Отбасы – мемлекеттің шағын моделі десек, сол отбасындағы баланың тәрбиесіне, жан-жақты, өмірге құштар азамат болып қалыптасуына ата-ана тікелей жауапты. Жапонияның атақты «Сопу» корпорациясының негізін қалаушы, бала тәрбиесіндегі

жаңашыл идеялардың авторы – М.Ибуканың «Үш жастан кейін бәрі кеш» атты еңбегінде баланың ой-танымы, қабілет-қарымы, зеректілігі мен зейіні 3 жасқа дейін қалыптасатыны туралы айтылады. Оның ойынша, ата-ана 3 жасқа дейін бала тәрбиесіне бар күш-жігерін салуы керек. Өмірге енді қадам басқан бүлдіршіннің айналаны танып-білуіне барынша жағдай жасауы қажет. Бұл кезеңде тәй-тәй басқан қадамнан жүру әрекеті қалыптасады, сөйлеу

тілі дамиды, әрқилы ойын түрлері белсенді көрінеді, айналасын танып-білу арқылы қабілеті байқалады. Зерттеулер көрсеткендей, бұл жасқа қарай бала сөйлеу тілінің 90%-ын меңгереді. Сезім-қимыл белсенділігі баланың таным әрекетін жетілдіруге жол ашады. Заттарды ажыратуда бала затты қолданудың мәдени белгіленген тәсілдерін меңгере алады. Бұл кезде баланың затты орнымен қолдануында ересек адамның көмегі қажет. Ересек адам үшін қарапайым болып



көрінетін іс-әрекеттер баланың есінде, ми қатпарларында сақталып, оны өз бетінше жүзеге асыруға тырысады. Осы жаста ата-ана балаға бағыт-бағдар беріп, қолтығынан демеп, тәрбиенің барынша орнықты болуын қадағалауы керек. Сондықтан бала тәрбиесіне ең алдымен ата-ана жауапты. Себебі баланың бейім-қабілеті осы жасқа дейін қалыптасатыны дәлелденген. Мәселен, Моцарт өзінің алғашқы концертін үш жасында өткізген. Ағылшын ойшылы, экономист Джон Стюарт та 3 жасында латынша классикалық туындыларды оқыған. Ал Том Блинд оң және сол қолдарымен бір уақытта екі түрлі әуенді фортепианода ойнап, үшіншісінің әуенін ойша салып отырған. Демек, баланы ертен жастан тәрбиелеу баланың бейімін, қабілет-қарымын, соған сәйкес болашақ мамандығын, бағытын-бағдарын уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.

Ұзақ мерзімді жүйелі ұйымдастырылған мектепке дейінгі тәрбие баланың кейінгі дамуына оң әсер беретіні баршамамызға мәлім. Осыған байланысты мектепке дейінгі білім беру ісінде балаларды сәби кезінен баулуға ерекше мән берілуде. Сонда ғана баланың өзіндік санасы қалыптасып, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі бағалау дағдылары қалыптаса бастайды. Баланы ерте кезден жан-жақты дамыған азамат ретінде қалыптастыруды мақсат ету қажет. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі мемлекеттік саясаттың басым бағыты әрі бүгінгі педагогиканың басты міндеті болып табылады. Бұл міндет көбінесе

бала бойында физикалық, ақыл-ой, адамгершілік және эстетикалық даму негіздері қалыптасатын педагогикалық үдерістің бастапқы кезеңіне байланысты. Бала өмірінің алғашқы үш жылы оның дамуының өте маңызды әрі жауапты кезеңі болып табылады.

– Демек, балалардың психикалық дамуын жіті бақылап, қабілет-қарымын бала кезден анықтау, осы жолда аянбай еңбек ету қажет дейсіз ғой?

– Әлбетте! Психикалық дамуды бақылау арқылы бала бойындағы ауытқушылықты да ерте кезден анықтауға болады, бала психикасын толыққанды дамытуға жағдай жасауға бағытталған түрлі шаралар-

ды жоспарлауға болады. Сонымен бірге бала психикасының дұрыс қалыптасуына да мүмкіндік береді. Бала психикасындағы ауытқуларды дер кезінде анықтауға жол ашады. Дер кезінде көрсетілген көмектің нәтижесінде ауытқуларды мектеп жасына дейін, бастауыш мектепте жоюға мүмкіндік береді әрі ауытқулардың өріс алуына жол бермейді, керісінше, алдын алады.

– Баланы ерте жастан тұлға ретінде қалыптастыруға негізделген механизмдер қандай болуы тиіс?

– Баланың дарынды не енжар болуы туа бітті пайда болмайды. Барлығы баланың негізі, әлеуеті қалыптасатын жастағы тәрбиеге байланысты. Әр баланың даму, өсу, тұлға ретінде қалыптасу мүмкіндігі бар. Тек онымен айналысатын адамның білімі мен өресі жеткілікті болуы шарт. Сондықтан отбасылық институт, жастардың отбасын құру, перзент тәрбиелеу ісіне деген жауапкершілігін сезіну мәселелері назардан тыс қалмауы керек. Екіншіден, көпшілік ерте жастан тәрбиелеу арқылы балаға шамадан тыс ақпарат беріліп, ерте жастан оқуға, жазу-сызуға мәжбүрлейді деген қисынсыз пікір қалыптасқан. Аталмыш процестегі ең маңызды мәселе – баланың бойындағы өзіндік пікір, ойлау жүйесін қалыптастыру, бағалай білу, өз ойын жеткізе алуға баулу. Үшіншіден, қарым-қатынас, ойын, қозғалыс, еңбек, құрастыру, бейнелеу сияқты бала әрекеттері өте маңызды, әрқайсысының өзіндік орны бар: сәби





кезінде – үйлестіру-зерттеу әрекеті, ерте балалық шақ кезеңінде – пәндік әрекет, мектепке дейінгі балалық шақта – ойын. Жалпы пәндік орта немесе оның жеке үзінділері – әрқашан бала әрекеттерінің алаңы, оның нысандары, мақсатқа жету шарттары мен құралдары. Балалықтың пәндік-дамытушы ортасы бала әрекетінің барлық түрін толыққанды дамытатын, психикалық ауытқуларын түзетіп, тұлға қалыптастыратын алғышарт болып табылады. Ол баланың физикалық, әлеуметтік, танымдық және эстетикалық дамуына қажетті базалық компонент болып табылады.

ЮНЕСКО анықтауы бойынша, балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту баланың өсуіне, дамып-жетілуіне, денсаулығына, тамақтануы мен гигиенасына ықпал етеді. Сондай-ақ мектепке дейінгі ерте білім беру баланың дүниеге келген сәтінен бастап, бастауыш мектепке барғанға дейінгі танымдық, сөйлеу, физикалық, әлеуметтік-тұлғалық және көркем-эстетикалық дамуына ықпал етеді.

– Мәселенің біржақты қалыптаспауы үшін шетел тәжірибесі де назардан тыс қалмайтыны мәлім. Әлем елдері осы мәселеге қалай көңіл бөлетінін айта отырсаңыз.

– Балаларды ерте жастан дамыту әлеуметтік салаға, денсаулық сақтау органдарына, білім беру жүйесіне тікелей қатысты. Осыған сәйкес мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің қызметі мен кәсіби даярлығы да өзгереді. Мектепке дейінгі тәрбие әлеуметтік қамтамасыз ету неме-

се Денсаулықсақтау министрлігінің құзырындағы елдерде ата-аналардың қалауына сәйкес, балаларға күндізгі күтімді ұйымдастыру үрдісі айқын байқалады. Балабақшалар Білім министрлігіне қарасты елдерде тәрбие ерте жастан ұйымдастырылады.

– Қазақ отбасылары осы салаға қалай көңіл бөліп келеді?

– Қазіргі таңда Қазақстанда, өзге елдердегі сияқты мектепке дейінгі ұйым қызметтерін қажет ететін отбасылардың сұранысы күн сайын артып келеді. Әсіресе 1 жастан 3 жасқа дейінгі балаларды ерте дамытуға сұраныс көп. Қажеттілік тудырып отырған фактордың бірі ретінде еліміздегі туу көрсеткішінің артуын, демографиялық өзгерістерді атауға болады. Республикамызда соңғы жиырма жылда, 1990-1999 жылдарда туу көрсеткіші төмендеп кеткен еді, ал 2000 жылдан 2014 жылға дейін елімізде туу көрсеткіші орта есеппен 13 мың адамға артты, бұл мектепке дейінгі ұйымдарға кезектіліктің жылына 5–7%-ға өсуіне әкеліп отыр.

Балаларды ерте дамыту қажеттігін анықтайтын екінші фактор – экономикалық әлеует болып табылады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, заманауи білім берудің өзекті міндеттерінің бірі мектепке дейінгі жастағы интеллектуалды-дамыған балаларды ерте анықтау, тәрбиелеу және оқыту ісі болып табылады. Ресей, Жапония, Финляндия, АҚШ, Қытай және басқа да дамыған елдердің әлауқатының өсуі балалардың зияткерлік дамуына ерте жастан капитал

қалыптастыруына байланысты болып отыр.

Халықаралық тәжірибе адамзат капиталына, ерте балалық шақтан кемелденген жасқа дейін білім беруге салынған инвестиция экономика мен қоғам үшін маңызды қайтарым екендігін көрсетеді. ЭЫДҰ зерттеулері дәлелдегендей, еңбекке жарамды жастағы халықтың білімін орта деңгейге 1 жылға көтерген кезде экономика 3–6%, экономиканың өсу қарқыны 1%-ға артады екен.

– Баланы ерте жастан дамыту үшін елімізде қандай іс-шаралар жүзеге асырылуда?

– Кез келген құрылыстың негізі іргетасында болатыны айқын. Салынған нысан қанша жерден алыстан көз тартарлық әдемі, сымбатты болғанымен, іргетасы берік болмаса, күндердің күнінде іске жарамсыз, үйінді болып қалады. Сол сияқты бала тәрбиесі оны ерте жастан тәрбиелеу, бейімдеуге байланысты. Қазіргі таңда балаларды ерте кезден дамыту үшін Қазақстанда нормативті-құқықтық, оқу-әдістемелік, материалды-техникалық базалар құрылып, бөбекжай, бөбекжай-бақшалар желісі кеңейтілуде, бұл үдеріске жекеменшік инвесторлар тартылып, ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты білімі арттып келеді. Жақында министрлік «Білім мен ғылымды дамытудың 2014–2016 жылдарға арналған ба-сым бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын» бекітті, соған сәйкес инфрақұрылымдарды кеңейту, балаларды ерте жастан дамытуға бағытталған мемлекеттік тапсырыстарды көбейтуге ден қойылып отыр. Сөз соңында айтарым – бала тәрбиесі өзіңді тәрбиелеуден басталады.

– Әңгімеңізге көп-көп рақмет!

Сұхбаттасқан: Ақбота НҰРБАТЫР

АННОТАЦИЯ ○

В своем интервью нашему журналу директор республиканского центра «Мектепке дейінгі балалық шақ» доцент Б.К. Игенбаева делится своими мнениями о том, что ключом к успеху в этом деле является выявление возможностей и способностей детей с самого раннего возраста.